

Г.Қ. Даирова¹ Л.М. Хасанаева²

¹*Тарих, археология және этнология факультетінің 1-курс магистранты,
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*
²*т.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ РУХАНИ МАҢЫЗЫ (XIX ғ. соңы мен XX ғ. басы)

Аңдатпа

Қазақ мәдениетінің ерекшеліктері туралы қазақ халқы қалыптасқан уақыттан бастап айтуымызға болады, өйткені этномәдени өзгерістер қандай да бір жылдамдықпен үнемі өзгеріске ұшырап немесе белгілі бір деңгейге жоғарылап тұрады. Сол орайда қазақ халқының әр түрлі кезеңдерде бастан кешкен өзіндік тұрмыс-тіршілігі мен соның нәтижесінде көпэтносты топтардан қалыптасқан халықтардың өзіндік этномәдени ерекшеліктері бар.

Түйін сөздер: этномәдениет, эвдемонизм, этнос, дәстүр модификациясы, қоныс аудару мәселесі, этникалық орта.

G.K. Dayrova¹ L.M. Khassanayeva²

¹*master of history, archaeology and ethnology, Kazakh National University named al- Farabi,
Almaty, Kazakhstan*
²*Kazakh National University named after al - Farabi, Candidate of Historical Sciences, Associate
Professor*

SIGNIFICANCE OF SPIRITUAL VALUE OF ETHNOCULTURE IN KAZAKHSTAN (Late 20th century and early 20th century)

Abstract

The peculiarities of Kazakh culture can be talked about since the formation of the Kazakh people, as ethnocultural transformations at any speed constantly change or increase to a certain level. In this regard, the Kazakh people have their ethno-cultural characteristics formed from multi-ethnic groups that have experienced different periods of life.

Keywords: Ethnoculture, eudemonism, ethnos, tradition modification, resettlement problem, ethnic environment.

Даирова Г.К.¹ Хасанаева Л.М.²

¹*магистрант 1-курса факультета истории, археологии и этнологии
Казахского Национального Университета им. аль-Фараби,
Алматы, Казахстан*
²*к.и.н., доцент, Казахский Национальный Университет им аль-Фараби
Алматы, Казахстан*

ЗНАЧЕНИЕ ДУХОВНОЙ ЦЕННОСТИ ЭТНОКУЛЬТУРЫ В КАЗАХСТАНЕ (Конец XIX в. и начало XX в.)

Аннотация

Об особенностях казахской культуры можно говорить со времени становления казахского народа, так как этнокультурные преобразования с какой-либо скоростью постоянно меняются или

повышаются на определенный уровень. В связи с этим казахский народ имеет свои этнокультурные особенности, сформированные из многоэтнических групп, которые пережили разные периоды жизни.

Ключевые слова: этнокультура, эвдемонизм, этнос, модификация традиций, проблема переселения, этническая среда.

Барлық тарихи кезеңдерде және барлық халықтарда этникалық және этномәдени процестерді зерттеу рухани болмыстары жағынан өзіндік белгілері мен ерекшеліктері болады. Әлеуметтік-экономикалық, этносаияси, этномәдени факторлардың ықпалымен қазақ халықтарының топтары біріктіріліп, қазақ мәдениетінің жергілікті нұсқалары қалыптасып, оның жеке элементтері өзгерді. Осы үдерістердің нәтижесінде, атап айтқанда, дәстүрлі қазақ (оңтүстік, батыс және солтүстік-шығыс) кешендері қалыптасты. Белгілі бір бағыттардағы этномәдени үрдістер қоныс аударушы шаруалар үшін қазақ жерлерін алып қою, қазақтардың көшпелі өмір сүру салтының біртіндеп өзгеруі, олардың бір бөлігінің отырықшылыққа ауысуы, олардың көпшілігі үшін жаңа мәдениеттерді – егіншілікті, бақша өсіруді дамыту және олардың тұрмыстық мәдениетінің кейіннен заңды өзгеруі.

Руханилық – тек адамға тән маңызды қасиеттердің бірі. Руханилық бастауы әр адам бойында азды-көпті бар, бірақ ақылдың көмегімен, білім алу арқылы руханилыққа жетемін деуге болмайды. Өз бойында адами қасиеттерді дамытып, өз білімін адамгершілікпен ұштастырғанда ғана шын руханилыққа жетеді. Адамгершілікке адам ең жоғарғы құндылықтарға ұмтылу арқылы жетеді. Ар-ұят, адалдық, еңбек махаббат, бақыт, достық, шығармашылық, әділдік тағы да басқа көптеген құндылықтар арқылы адам өз өміріне мән беріп, руханилыққа жетуге ұмтылады [1].

«Руханилықтың арқасында адам мәдениет әлеміне енеді, оның өзіндік ерекшелігін көрсетеді, – дейді М.С. Орынбеков – сонымен бірге, руханилық дамыған адамды заттың, табиғаттың себептерінен ерекшелеп тұратын қыры болып табылады» [2].

Кеңес заманында қазақтардың этномәдени даму бағыты өзгеріссіз қалып, мәдени өзгерістер қарқыны өспеген болатын. Бірнеше жыл ішінде қазақтар отырықшылыққа көшіріліп, олардың дәстүрлі көшпелі және жартылай көшпелі өмір салты іс жүзінде жоғалды десек те болады. Бірнеше онжылдықта Қазақстанның этникалық құрамы түбегейлі өзгеріп, бүгінде қазақтардың едәуір бөлігі аралас ұлттық ортада тұрады. Урбанизациялық үдерістерді қазақ қоғамы да қамтылып, қазақ этносы өмір сүретін осы жаңа жағдайлар оның мәдениетіне біршама жоғары деңгейде әсер етті.

Мәдениеттің мақсаты мен жоғарғы ақыл – ой бір – бірімен сай келеді. Бұл мәдениеттің концепциясы болды – эвдемоникалық деген атпен аталды. XIX ғасырдың екінші жартысында «мәдениет» деген ұғым ғылыми терминге айналды. Ол қоғамның жоғарғы дамуы деген қағидадан арылады. Енді «мәдениет» - «өркениет» және «қоғамдық – экономикалық формация», «жаһандану» деген ұғымдармен түйіседі. Сөйтіп, «мәдениет» пен «өркениет» ұғымы қатар қолданылып келді [3].

Қазіргі уақытта біз дәстүрлі мәдениеттен индустриялық мәдениетке жалғасып келе жатқан дәстүрді байқап отырмыз. Бұл өтпелі кезең және жекелеген мәдени дәстүрлердің модификациясы сақталған және тұтас кешендердің дәстүрлі қазақ мәдениеті басқа халықтардың мәдениетінен алынған инновациялармен үйлесуі.

Қазіргі заманғы этномәдени үдерістер Қазақстан халқының жалпы бағыты бар деуімізге болады. Этникалық ортада өмір сүретін қазақтар мен өзге ортадағы қазақтар арасында айрықша өзіндік айырмашылықтар бар. Соңғы жағдайда этномәдени үрдістер айқын анықталады. Ұлттық-аралас ортада этномәдени зерттеу қазіргі уақытта көпэтностық болып табылады және бұл мәселе ерекше маңызға ие.

Этникалық үдерістерді ғылыми мәселе ретінде зерттеу 1960 жылдардың басында нақты тұжырымдалған. "Этникалық үдерістер", олардың типологиясы, қоғамда болып жатқан басқа да үдерістермен арақатынасы, олардың әртүрлі тарихи дәуірдегі көріністері осы этникалық үдерістерге фактор болып анықталған. [4].

Этномәдени үдерістердегі өзгерістерді зерттеу аспектілерінің бірі этнос мәдениетінде жаңа және дәстүрлі арақатынас мәселесі болып табылады. Ол С.А. Арутюнованың этнос мәдениетіне инновациялардың енуінің заңдылықтары мен механизмдерін ашуға арналған зерттеулерінде теориялық мәнін тапты [5].

Теориялық зерттеулермен бір мезгілде этникалық және этномәдени үдерістердің жекелеген халықтардағы, әлемнің әртүрлі елдері мен өңірлерінің тұрғындары арасындағы нақты көріністері

айқын түрде талданып, зерттелуде. Қазіргі этникалық үдерістерді зерттеу бүгінгі күні маңызды бағыт болып табылады.

"Қазіргі әлемдегі этникалық үдерістер" зерттеушілер ұжымының еңбектерінің нәтижелері осы жолдағы белгілі бір кезең болып табылады.

Зерттеушілер мен қазақтардың этномәдени бірлестіктері назардан тыс қалған жоқ. "Этникалық үдерістер" ұғымы әлі тұжырымдалмаған кезде қазақтардың мәдениетіне өзгерістерді тіркеу әлдеқашан басталып, қазақтардың тұрмысындағы байланыстар ХІХ ғасырдағы А. И. Левшин, Г. М. Броневскийдің, Н. И. Красовскийдің еңбектерінде берілген. Дала қазақтарының тұрмысын және олардың жаңа өмір салтына байланысты кейбір мәдени құндылықтардың, мінез-құлық нормаларының, өзіндік санасының тамаша сипаттамасы ХХ ғасырдың бас кезінде жиналған қырғыздардың жерді пайдалану жөніндегі материалдарда келтіріледі [6]. Бұл өзгерістердің себептерін түсіну, қазақтардың отырықшылығы мен олардың орыс тілімен байланыстарының әсерін талдау да осы ХІХ ғасырдың соңғы кезеңдеріндегі В. Востров пен Х. А. Кауанованың қазақ материалдық мәдениеті мысалында жасалды". Әдетте, өз жұмыстарын қазақтардың мәдениетіне арнаған ғалымдар тарихи дамуды сипаттайды. Олардың өзгеруін айта отырып, қазіргі уақытқа дейін қазақтардың жекелеген топтары - Алтай, Батыс Сібір, Павлодар, Ертіс өңірінің этникалық және этномәдени процестеріне арналған зерттеулер пайда болды [7].

«Руханилық пен ізгілік, әдемілік пен жақсылық тербелісі адамды нәзік тормен қоршаған; қоғамдық өмірде тек зат пен тауар ауысуы ғана емес, ең алдымен идеялар, мамандық, шеберлік тәжірибелерімен, сезімдік үлгілерімен де ауысу толастамақ емес. Мәдениет игіліктерін жас нәресте анасының ақ сүтін еміп, оның әлди жырымен сезім дариясына шомылып қана адамдық қасиеттерді бойына сіңіре бастайды» - деген сөздің жаны бар [8]. Рухани мәдениет – кейбір мәдениеттанушылар мәдениеттің әр түрін атап, оларды тек қана заттық және рухани мәдениетке жатқызуға болмайтыны да болады дейді.

Қазақтың рухани жан дүниесін, ішкі құбылысын, рухын тануда зерттелетін мәселелер көп. Егер де рух туралы айтар болсақ, ол туралы нақты анықтама беру қиынға соғады. Мысалы, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» рух дегеніміз табиғи, материалдық бастамалардан өзгеше, затсыз, идеалды бастаманы, қуатты, батылдықты білдіретін ұғым ретінде қарастырылады. Рух әлемі көзге көрініп, қолмен ұстайтын нәрсе емес. А.Х. Қасымжанов тарихта халықтың рухани негізі түрлі қиындықтарға кездеседі, алайда, рух бар жерде халық та болатындығын айта келіп: «Рухани байлық дегеніміз – саналы да, санадан тыс, сезім мен ақыл біріктіретін халық тұрмысының әдептілік тетігі» [9] – деп өз ойын жалғастырады.

Руханилық өз мағынасында адам мен қоғам арасындағы қатынастың дәнекері болатындығын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Өйткені, адам оларды қоғамға тән барлық құндылықтар арқылы бойына сіңіріп отырады. Сол сияқты руханилықтың ата-текке де байланысты қасиеттерін де жоққа шығаруға болмайды. Біздің пікірімізше, адам рухы табиғаттан тыс құндылықтар ретінде сипатталуы қажет, яғни рух адамның дүниені түсіну нәтижесінде қалыптасатын, өз өмірі үшін адамның болуын қажет ететін ұғым ретінде қарастырылады.

Өткенге көз жүгіртсек, түпкі еркіндік пен табиғи құқық ұзақ уақыттар бойы сақталған, өйткені көшпелі өркениет Еуразия кеңістігінде тіршілік еткен, ал Қазақстанда ХХ ғасырдың басына дейін созылған, ал кей белгілері қазіргі уақытта да кездеседі» дейді белгілі философ М.С. Орынбеков [2].

Адам рухы шектілікті заңдарға, қажеттілікке бағынбайтын өзіндік мәні бар болмыстың маңызды бөлігі және өзіндік ерекшелігі. Адамның қоршаған ортамен байланысы арқылы туындаған руханилық тіршіліктегі, мәдениеттегі, білімдегі ұдайылықты, тұрақтылықты қамтамасыз етіп отырады. Осы рухани тектіліктер арқылы қоғамдағы мағыналы құндылықтар мен қазыналар ұдайы өмір сүреді, олар салт-сана, әдеби, ғылыми, өнер шығармашылығы арқылы ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырады. Сондықтан да адамның руханилығы шексіз. Адам бірегей және әмбебап, қабілетті, ешкімге тең келмес табиғат жаратылысы. Адам – ішкі және сыртқы арақатынаста болады. Адамның рухани әлемі – оның ішкі өмірі, бірақ ол іс-әрекеттің түрлі формаларында, еңбекте, ойында, көркем шығармашылықта көрінеді.

Дүниетаным шексіз, шекарасы жоқ рухани әлем. Адам бар жерде дүниені тану, қабылдау, сезіну бар. Ал, ұлт бар жерде дүниені тану мен қатар игеру, яғни дүниетанымдық құндылықтардың өмір сүрері анық. Қазақ ұлты жердің қадірін оның құнарымен бағалаған, жердің құнарының адамға берер қуатын философиялық деңгейде пайымдаған. Адам баласының рухани қалыптасуының, әлеуметтенілуінің қозғаушы күші – бұл қажеттілік. Сол қажеттіліктерді жүзеге асыру бағытында адам өзінің тәжірибесін қалыптастырады [1].

Адам баласының рухани қалыптасуының, әлеуметтенілуінің қозғаушы күші – бұл қажеттілік. Сол қажеттіліктерді жүзеге асыру бағытында адам өзінің тәжірибесін қалыптастырады.

"Қазақстан халықтарының қазіргі заманғы этномәдени үдерістері" тақырыбы бойынша республиканың көпұлтты аудандарында қазақтардың, орыстардың, немістердің, украиндардың, күрдтердің, түрік тілдестердің жергілікті топтары арасында жұмыс жүргізіп және басқа да зерттеулер арқылы этномәдени байланыс аймақтарында осы халықтардың мәдени даму үрдістерін анықтады. Сауалнамадан басқа, барлық тексерілген ауылдық кеңестерде қазіргі заманғы халық саны мен ұлттық құрамы, отбасы құрылымы мен ұлттық аралас отбасылар, халықтың көші-қоны туралы деректер алу үшін шаруашылық кітаптары өңделді [10].

Осы орайда Қазақстан халқының көп ұлтты құрамының қалыптасуына көші-қон процестерінің әсерін көптеген зерттеушілер мойындады. Осыған байланысты "қоныс аудару мәселесі" бірнеше авторлардың тақырыптары болды. Авторлар қоныс аударуға ықпал ететін саяси, экономикалық және психологиялық факторларға сипаттама берді; үкіметтік және еркін қоныс аударудың мақсаттары мен міндеттері қарастырылды; Қазақстанға шаруа көші-қонының кезеңдері анықталды; қолжетімді статистикалық мәліметтер негізінде қоныс аударушылардың сандық және сапалық құрамы талданды; Қазақстан халқының негізгі топтары санының динамикасы анықталды.

Қоныс аудару мәселесі туралы да осы орайда түсіндіріп өтуге болады: қоныс аудару саясатын кезең-кезеңмен жүргізу мәселелерін қарастыра отырып, ғалымдар бірнеше кезеңдерді бөліп көрсетеді: еркін қоныс аудару (XVI-XVII ғғ.), әскери - үкіметтік қоныс аудару (XVIII-XIX ғғ. ортасы), шаруа қоныс аудару (XIX ғасырдың 60 - шы жылдары-XX ғғ. басы) [11].

"Қазақтардағы қазіргі заманғы этномәдени үдерістердің негізгі алғышарттары" - соңғы жеті он-жылдықта қазақтардың этномәдени дамуының маңызды факторларын атап көрсетеді: соның бары-сында көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруашылықтары, сонымен қатар Қазақстан халқының көпұлтты құрамының қалыптасуы және республикадағы урбанизация процестері қарастырылған.

Бұл оқиғалар қазақтардың көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылығын, ал онымен бірге олардың көшпелі өмір салтын ығыстырып, оған тән әлеуметтік құрылымдарды қоса алғанда, бұл халықтың дәстүрлі мәдениетінің барлық элементтерінің – оның материалдық тұрмысының, мінез-құлық нормаларының, құндылықтарының біртіндеп өзгеруіне әкелді. Сонымен қатар, көші-қон қазақ рулары мен тайпаларының араласуына, қазақ тілінің мәдениеті мен диалекттерінің жергілікті формаларының өзара етене енуіне әкелді.

Қазақтардың қазіргі заманғы этникалық мәдениетін дамыту жолдарын айқындаған басқа да маңызды фактор Қазақстанның этникалық құрамының қазіргі жүзжылдықтағы өзгеруі болды. XIX ғасырдың соңғы онжылдығына дейін қазақтар Қазақстанның барлық дерлік аумағында басым болды. Көші-қонның бірінші ірі толқыны XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында ерекше өрлеумен (орыс, украин, белорусь, немістер) шаруа отарлауымен байланысты болды.

Қазақстанның әр түрлі бөліктері өзінің этникалық құрамы бойынша әртүрлі екенін атап өткен жөн, демек, қазақтардың этникалық ортасы, олардың мәдениетіне айтарлықтай айырмашылығы бар. Барлық солтүстік және солтүстік-шығыс облыстарда еуропалық халық (шығыс славяндар мен немістер) басым болды десек те болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздер. Ұжымдық монография / З.К. Шәукенованың жалпы редакциялауымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. – 177 б.*
2. *Орынбеков М.С. Духовные основы консолидации казахов - Алматы: ИД «Аркаим», 2001 - 196 с.*
3. *История мировой культуры. Под редакцией профессора А.Н. Марковой. - Москва, 2000 - С. 12.*
4. *Гарданов В.К., Основные направления этнических процессов у народов СССР. 1961, с. 154.*
5. *Арутюнов С.А. Процессы и закономерности вхождения инноваций в культуру этноса.// Народы и культуры. Развитие и взаимодействие. М., 1989. С.160.*
6. *Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область. 1909. С. 175.*
7. *Востров В.В., Кауанова Х.А. Материальная культура казахского народа на современном этапе. Алма-Ата, 1972.*
8. *Ғабитов Т., Мүтәліпов Ж., Құлсариева А. Мәдениеттану негіздері. – Алматы: «Дәнекер», 2000. – Б. 35.*
9. *Қасымжанов А.Х., Қасымжанова С.А. Духовное наследие казахского народа. – Алма-Ата, 1991. – 4 с.*

10. Наумова О.Б. *Современные этнокультурные процессы у казахов в многонациональных районах Казахстана.* – Москва, 1991. – 154 с.

11. Краснобаева Н.Л. *Население Казахстана в конце XIX – первой четверти XX века.* – Восточный Казахстан: Барнаул, 2004. – 194 с.